

**Төлегенова Р. Ә.**

*Э.ғ.к, аға оқытушы, Сулейман Демирель атындағы университеті,  
Қаскелен, Қазақстан*

## **ҚАЗАҚСТАНДА ТАБЫСҚА САЛЫҚ САЛУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстанда табысқа салық салу жүйесін жетілдіру жолдарының сұрақтары қарастырылған. Салық жүйесінде заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының атқаратынын рөлі.Қазақстанда Республикасында қолданыстағы корпоративтік табыс салығының қазіргі жағдайы қарастырылды.

Нарықтық қатынастар кезінде салықтардың ел экономикасының дамуына ықпал ететін басты қару ретінде маңыздылығы айқын. Бүгін жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қаржыландыратын түрлі табыс көздерінің ішінде алдыңғы қатарды салықтар, әсіресе табыс салықтары алады.

Салық саясаты экономикалық реттеудің ең маңызды құралдарының бірі, экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржы-несиелік негізі болып табылады. Мемлекет салық саясатын нарықтың теріс құбылыстарына әсер етудің белгілі бір реттеуші ретінде қолданады.

**Кілт сөздер:** Бақылау жүйесі, салық, салық жүйесі, салық саясаты, салықтық бақылау, табыс,табыс салығы, тіркелген активтер, экономика, экономикалық реттеу.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық қайта құру кезінде, экономикалық жағдай енді ғана қалыпқа түсіп келе жатқан тұста және оның секторларына жаңарту жүргізіліп жатқанда салықты осы жағдайларды ескермей, түрлі шаруашылық тәжірибелер үстіне пайдалану, ауыр жағдайды одан әрі тұрақсыздандыра түсуі мүмкін.

Республиканың салық жүйесін, оның ішінде табысқа салық салу жүйесін басқа қаржы жүйелерімен қатар жетілдіруді қажет етеді. Түрлі жеңілдіктерді пайдаланушылардың салықтан босатуды талап етуі көбейгеніне және салық жинаудың қиыншылығына қарамастан бюджетке түсіп жатқан қаржының көлемі орнықты өсіп келе жатыр. Сонымен бірге соңғы бес жылдың ішінде салық жүйесіне көп өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік салық түрлерінің, соның ішінде табыс салықтарының да көлемі өзгерді.

Қазақстанның салық жүйесіндегі табыс салықтарының негізгісі болып 1995 жылдың 1 шілдесінен енгізілген заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы немесе қазіргі Салық кодексі бойынша корпорациялық

табыс салығы.

1995 жылдың 24 сәуірінде қабылданған «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралың Заңының табыс салығына байланысты бір кемшілігі заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын біртұтас конструкцияда енгізуі. Бұл субъектілер арасындағы, сол сияқты табыс түрлері мен оны алу әдістерінде айтарлықтай айырмашылықтың болуы бұл біріктірудің тиімсіздігін көрсетті. Басты кемшілік- бұл салықтаржы біртұтас ете отырып, олардың әрқайсысына салық салудың жеке-жеке режимі қолданылды. Қаржы Министрлігі заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен төлеудің тәртібі туралы бөлек екі нұсқаулық дайындап, шығарды[1].

Осы жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере отырып, ҚР Үкіметі 2001 жылдың 12 маусымында жаңа Салық кодексін қабылдады. Салық кодексі 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Салық кодексінде табыс салығына байланысты ең негізгі ерекшелігі заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салықтарын біртұтас етпей, бөлек екі салық қылып енгізуі[2].

Қазақстан Республикасының салық жүйесінде заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының қандай рөл атқаратынын оның бюджеттегі үлес салмағынан көруге болады.

Салықтық болжамды орындауға әсер ететін факторлардың бірі салықтық әкімшілікті жетілдіру болып табылады. Республиканың ірі салық төлеушілеріне өткізілетін тұрақты мониторинг олардың материалдық шығынды асыра көрсетуін қысқартуға және залалды кәсіпорындардың қатарынан шығаруға мүмкіндік жасайды. Табыс салығын салық салу механизмі мына құрамдардан тұрады:

- салық салу механизмі;
- салық есептеу мен төлеу тәртібі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қолданылып келген табыс салығының конструкциясы салық салу объектісі ретінде жылдық жиынтық табыс пен бекітілген шегерімдер арасындағы айырмашылық болып есептелген салық салынатын табысты қарастырады. Корпорациялық табыс салығын алудың іс жүзіндегі механизміде кемшіліктерден кенде емес.

Біздің ойымызша, шегеруге жататын шығыстар мәселесін қайта қарау керек. Қазіргі уақытта жылдық жиынтық табыстан шегеруге өндіріске қолданылған және тозығы жеткен тіркелген активтердің амортизациялық аударымы жатады. Амортизациялауға жататын тіркелген активтер топтарға амортизацияның белгіленген шекті нормасы бойынша бөлінеді.

Экономикалық өсуді отандық кәсіпорындардың тиімділігін көтерусіз және еліміздің барлық техника-экономикалық базасын жаңартусыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл процестің құрамдас

бөлігінің бірі – амортизация, оны дұрыс қолдану кәсіпорынның қаржылай жағдайын жақсартуға және директор мен үкіметтің өзара түсінушілігін нығайтуға ықпал жасайды.

Амортизация шығыстар құрылымына кәсіпорын табысына әсер етеді, жеке меншік инвестицияның басты көзі болып табылады.

Қазіргі уақытта кәсіпорындар балансында амортизация мен меншікке салынатын салық есептелетін 30-60 пайыз әрекет етпейтін негізгі қорлар бар. Нәтижесінде, өндіріс шығындары өседі, шығын құрылымы кеңейеді. Өндіріс көрсеткіштерін анықтағанда, негізгі қорлар құнын, өнім өндіруге қатысу әдістері жетілмегенін көруге болады.

Тіркелген активтер өз құндарын амортизация арқылы өнімге аударатын болғандықтан, жұмыс жасап және тоқтап тұрған активтердің бағасы бойынша есебін реттеу керек.

Амортизация жұмыс істемейтін қорға аударылса, шығындар құрамына бұрмалау жасайды. Амортизациялық аударым неғұрлым көп болса, соғұрлым табыс аз болады. Табыс аз болса, онда салық та аз төленеді. Сондықтан жұмыс істемейтін мүлікті консигнацияға қою керек те, ол оған амортизация есептеулер құнын береді.

Амортизациялық саясаттың ең бір активті құралдарының бірі негізгі қорларды қайта бағалау болып табылады. Бұрын ол жылына 10-12 рет жасалатын, ал қазір жылына бір рет жасалады. Бағаны қайта есептеуге оған бақылау жасауға көп күш пен үлкен қаржылар жұмсалады.

Тіркелген активтерді қайта бағалау амортизациялық қордың инфляциядан зиянын толықтырмайды, тек азайтады. Машинаның қайта бағаланған тозуы амортизациялық аударымға кіргізілмейді. Активтерді қайта бағалағаннан кейін, барлық кәсіпорындар мен ұйымдар жалпы пайдасыз қалады, өйткені оның ауқымды бөлігі амортизациялық аударымға жіберіледі, сонымен қатар заңды тұлғалардан табыс салығы базасын кеміте отырып, мемлекеттік бюджет табысын азайтады.

Активтерді қайта бағалауды уақытылы өткізіп тұру олардың құнын айтарлықтай өсірді. Мұнда мультипликатты тиімділік бар: алдыңғы бағалаудағы қателіктер әрбір келесіне көбейтіледі. Осыған байланысты, біздің көзқарасымызға қарай, республикада амортизациялық жаңа жүйесі жасалуы қажет. Ол шетелдердің негізгі қорлардың жағдайына талдау жасаудың және олардың құнын қайта бағалау, шаруашылық субъектілердің қаржылай жағдайының негізінде тәжірибе алу. Осыдан амортизациялық аударылымдардың есебін жүргізу тәртібін республикадағы бухгалтерлік есеп жүйесімен ұштастыру қажет.

Кәсіпкерлік қызметке байланысты пайда болған залалдар салық салынатын табысты есептеу кезінде, 2009 жылдың тамызынан бастап, 3 жылға дейін, жер қойнауын пайдаланушылар үшін бұл мерзім 10 жылға бекітілген.

Залалдарды болашақ кезеңдегі жылдық жиынтық табыс есебінен

көшіру тәртібі қайта қарауды талап етеді. Мемлекет пен салық төлеушінің мүдделерін ескеру қажет, залалдарды шегеру салық салынатын базаны азайтады және табыс салығы сомасына тікелей әсер етеді[4].

Мемлекеттің салық заңдылығына сәйкес заңды тұлғалардан табыс салығын төлеу тәртібі аванстық төлемдер негізінде жүзеге асады. Мемлекет салық төлеушіні салық жылы үшін өз табысының өлшерін анықтауға оның негізінде төлейтін салық мөлшерін анықтауға, жылдық салық сомасын бірдей 12 бөлікке бөліп, айға аванстық төлемдерді анықтауға міндеттейді. Мұнда табыстың іс жүзінде алынғаны есепке алынбайды. Мұндай жағдайда, салық алудың еңгізілген тәртібі мемлекет үшін тиімді, бірақ салық төлеуші мүддесін қанағаттандырмайды. Экономиканың тұрақсыздығы мен айқын болмауы болжас табыстың есебі әрдайым шамамен алынады, субъектінің мемлекет алдындағы жауапкершілігін ақтамайды. Айына табыс таппасақ та, аванстық төлемді төлеуге міндетті.

Осы салық түрінен бұрын қолданылған ағымдағы төлемдер тәртібі кәсіпорын жұмысының аралық нәтижелерін есепке алуға мүмкіндік жасайтын.

Келесі кезең алдын-ала есептерді тапсыру болып табылады: 25 ақпанында, 25 мамырда, 25 тамызда, 25 қарашада.

Алдын-ала есептер, біріншіден, болжамдағы салықтың сомасы бойынша аванстық төлемнің сәйкес келуіне бақылау функциясын, екіншіден, салықты түзету құралы болып табылады.

Егер салық төлеуші бір жыл салық сомасын қалай болжаса, сол сомасы жыл сайын 31 желтоқсанға дейін төлеп болуы керек. Сондықтан заңды тұлғаларға табыс салығын салудың қарастырылған мәселелері салық салу механизмін жетілдіруді талап етеді[5].

Мемлекеттің экономикалық саясатының бір аясы салық саясаты болып табылады. Салық салу аясында мемлекет экономикалық мәселелерді өзінің міндеттері және өзін ұстау жөніндегі мәселелерді ғана әзірлеумен айналысып қоймай, сонымен қатар өте ауқымды әлеуметтік және саясат тұрғысындағы мәселелерді шешуге атсалысатын саясатты да жүргізеді.

Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Назарбаев экономиканы дамыту үшін «...таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканы нақты секторына, оны сауықтыруға, фискальды және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті әлеуметтік саясатқа аударамыз», - деген болатын[6]. Салық саясатының қағидалары мемлекеттің жалпы экономикалық бағдарламасына негізделеді және онымен өте тығыз байланысты болады. Экономикалық бағдарламаны әзірлеу ісі салық саясатының алға қоятын талаптарын, оның принциптерін ескере отырып жүзеге асырылады. Салық саясатының ықпал ету аясы өте ауқымды,

оның реттейтін қатынастары әралуан болғандықтан оны тек қаржылар аясына жатқызуға болады деген көзқарас дұрыс емес.

Өйткені, салық саясаты талаптарымен реттелген кәсіпорын мен бюджет арасындағы қатынастар тек кәсіпорын мен азаматтың салықтық міндеттемелерін атқару сатысында ғана қаржылық қатынастарға айналады. Салықтық қатынастардың қаржылық қатынастардан айрықшалануы салық саясаты бойынша мемлекеттің алдында тұрған міндеттерді талдау кезінде көрініс табады.

Мемлекеттің салық салу құзыретін шектеудің тағы бір қажеттілігі – мемлекет салықтық міндеттемелердің атқарылуын бақылай отырып коммерциялық құпияларды біліп, оларды өз пайдасына пайдалануына немесе төлеушіге жаңағы коммерциялық құпияны дұрыс сақтай алмаған жағдайда зиян-залал келтіруіне тосқауыл қою.

Салық саясатының тағы бір елеулі қыры – кеден саясатымен реттелетін өзге мемлекеттермен арадағы қарым-қатынастарды жандандыру. Мемлекеттің барлық қажет тауарларды өз аумағында өндіруге талпынуы ішкі экономиканың басқа елдерде өндірілетін ұқсас тауарлармен бәсекеге түсуін тұйықтатуға әкеліп соғады, яғни мемлекеттің кеден саясаты экспортқа нысаланған. Салық саясаты мемлекеттің экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Дүниежүзілік практика бойынша салықтар, салық салу жөніндегі заңдарды-статустарды жоғарғы өкімет органдары қабылдайды. Бұл заңдар статустарда салықтардың объектісі, субъектісі, есептеу, төлеу тәртібі және мерзімі және т.б. белгіленеді.

Ал салық ствқалары мен салық жеңілдіктері жөніндегі мәселелерді оларды реттеу құралы ретінде пайдаланатын атқару-жарлық беру билігі органдары айқындайды.

Еліміздің Президентінің Қазақстан халқына жолдауында: «Біз қазынаны сақтап, оны көбейтпесек және салықтарды толық көлемінде жинамасақ, ешқандай қалыпты және күшті мемлекет болмақ емеспіз» - делінген[6].

Нарықтық қатынастар жағдайында салықтардың ел экономикасының дамуына ықпал ететін басты құрал ретінде маңыздылығы айқын. Бүгін жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарын қаржыландыратын түрлі табыс көздерінің ішінде алдыңғы қатарды салықтар, әсіресе табыс салықтары алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Корпоративный подоходный налог: Разъяснение налоговых органов / Ю. Прокопьева. - Алматы :Бико, 2004. - 40 с.

2 Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» заңы (Салық кодексі). - Алматы : Жеті жарғы, 2001. - 660 б.

3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылдың 10 желтоқсанындағы «Салық және бюджетке төлейтін міндетті төлемдер туралы» № 100 -IV заң күші бар жарлығы.

4 ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2009. – 86-92 б.

5 Нұрымов, А. А. Салық және салық салу: оқу құралы / ҚР Білім және Ғылым министрлігі ұсынған. - Астана : ҚазЭҚХСУ, 2009. - 546 б.

6 Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар.

**Tulegenova R.A.**

*Senior Lecturer, Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

## **WAYS OF IMPROVING THE SYSTEM OF TAXATION ON INCOME IN KAZAKHSTAN**

**Abstract:** The questions of improving the system of taxation on income are of high interest in all countries. In this paper we consider questions of improving the income tax system in Kazakhstan. The role of the tax system, the income tax from legal entities. The current state of the corporate income tax in Respublike Kazakhstan, Specificity and features of the taxation system in our country, taking into account the historical, geographical and national characteristics of the people of Kazakhstan. Also, the authors considered and analyzed the Kazakhstan taxation model.

**Key words:** The control system, tax, tax system, tax policy, tax control, revenues, profit tax, fixed assets, economy, economic regulation.

**Тулегенова Р. А.**

*к.э.н., ст. преподаватель, Университет имени Сулеймана Демиреля,  
Каскелен, Казахстан*

## **ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ НА ДОХОДЫ В КАЗАХСТАНЕ**

**Аннотация:** Вопросы и проблемы налогообложения на доходы во всех странах мира всегда были очень актуальны, часто обсуждаемы и проблематичными. В данной статье рассматриваются вопросы совершенствования системы налогообложения на доходы в Казахстане. Приводятся различные примеры налогообложения в других странах, предлагаются некоторые методы и пути совершенствования этой системы, рассмотрены роль в налоговой системе налога на прибыль с юридического и физического лица. Описывается современное состояние корпоративного подоходного налога в Республике Казахстан, специфика

и особенности системы налогообложения в нашей стране с учетом исторических, географических и национальных особенностей народа Казахстана. Также авторами рассмотрена и проанализирована казахстанская модель налогообложения.

**Ключевые слова:** Система управления, налог, налоговая система, налоговая политика, налоговый контроль, доходы, налог на прибыль, основные фонды, экономика, экономическое регулирование.